

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

АКАДЕМИК Е.А. БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ

«КЕЛІСІЛГЕН»

КММ «№2 Арнайы мектеп-интернат»

директоры



Амандыкова Э.Ж.

«19» 04 2023ж



«БЕКІТЕМІН»

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды
Университетінің басқарма Төрағасы-Ректоры

Дулатбеков Т.О.

«30» 05

2023ж



«КЕЛІСІЛГЕН»


КММ «№27 жалпы білім беретін орта мектеп»

директоры



Касымканова С.Е.

«11» 04 2023ж



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

«6В01901-Дефектология»

Деңгейі: Бакалавриат

Қарағанды - 2023

«6В01901- Дефектология» білім беру бағдарламасы келесі құжаттарға негізделіп құрылды:

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (2007 ж. 27 шілдедегі № 319-ІІІ бұйрық);
- Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрық);
- Білім беру мекемелерінің тиісті түрлерінің қызметін ұйымдастырудың үлгілік ережелері (2018 ж. 30 қазанындағы №595 бұйрық);
- Кредиттік технология бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелері (2018 ж. 20 сәуіріндегі № 152 бұйрық);
- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының жіктеуіші (2018 ж. 13 қазанындағы № 569 бұйрық);
- «Педагог» кәсіби стандарты (2022 ж. 15 желтоқсандағы №500 бұйрық).

Мазмұны

№	Бөлім атаулары	Беттер
1	Білім беру бағдарламасының төлқұжаты	4
2	Құзыреттіктер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау	6
3	Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау	7
4	Оқу нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы	9
5	Сертификаттау бағдарламасы (minor) «Логопедті даярлау»	20
6	Оқыту және бағалау әдістерімен жоспарланған оқыту нәтижелерін келістіру	21
7	Оқу нәтижелерінің қол жетімділігін бағалау критерийлері	22
8	Білім беру бағдарламасы түлегінің моделі	23

Білім беру бағдарламасының төлқұжаты

№	Параметрдің аты	Сипаты
1	Білім беру бағдарламасының коды және атауы	«6B01901-Дефектология»
2	Білім беру саласының коды және жіктелуі, дайындық бағыттары	6B01- Педагогика ғылымдары, 6B019 - Арнайы педагогика
3	Білім беру бағдарламаларының тобы	B020-Арнайы педагогика
4	Кредиттер көлемі	240
5	Оқу түрі	күндізгі
6	Оқу тілі	қазақ
7	Берілетін академиялық дәреже	білім бакалавры
8	Білім беру бағдарламасының түрі	қолданыстағы
9	БСХСЖ бойынша деңгей	6-деңгей
10	ҰБШ бойынша деңгей	6-деңгей
11	СБШ бойынша деңгей	6-деңгей
12	ББ ерекшеліктері: Серіктес ЖОО (ПКҚ) Серіктестік ЖОО (КДОП)	жоқ
13	Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі	28.07.2020 ж. қосымша 016 № KZ832AA00018495
14	Аккредиттеу органының атауы және аккредиттеудің қолданылу мерзімі	НАОКО агенттігінің сапа сертификаты, SA –А №0156/1, 27.05.2019-24.05.2024 ж.
15	Білім беру бағдарламасының мақсаты	Жалпы, арнайы және инклюзивті білім беру жүйесінде түзету-педагогикалық қызметті жүзеге асыру үшін іргелі білімі мен зерттеу дағдылары бар арнайы педагогтарды (дефектологтарды) кәсіби даярлау.
16	Білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврдың біліктілік сипаттамасы:	
а)	Біліктілік пен лауазымдар тізбесі	дефектолог, мұғалім-логопед, олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог
б)	Кәсіби қызмет саласы мен объектілері	арнайы сыныптары бар жалпы білім беретін мектептер, арнайы (түзету) мектептері, оңалту орталықтары, түзету кабинеттері, мектепке дейінгі және мектеп мекемелері жанындағы

		логопедиялық пункттер, психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссиялар, педагогикалық колледждер, педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау институттары, білім беру басқармалары
в)	Кәсіби қызмет түрлері	-ұйымдастыру-технологиялық, -өндірістік-басқару, -жобалау -ғылыми-зерттеу, -педагогикалық, -консультативтік-диагностикалық
г)	Кәсіби қызметінің функциялары	- <i>оқыту</i> -оқу ақпаратын таратады, қажетті білім, білік және дағдыларды өз бетінше іздеуге үйретеді, білім алушылардың қажетті коммуникативтік құзыреттілігін ескере отырып, оқу сабақтарын құрастырады, білім берудің жаңартылған мазмұны шеңберінде талап етілетін оқытудың жаңа технологияларын пайдаланады; - <i>тәрбиелеуші</i> -білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне енгізеді, педагогикалық әдепті, педагогикалық әдеп ережелерін сақтайды, білім алушылардың жеке-жеке қасиеттеріне құрмет көрсетеді, Қазақстан Республикасының көпұлтты ерекшелігі мен басымдықтарын және т.б. ескере отырып, тәрбие процесін құрады; - <i>әдістемелік</i> -білім беру процесін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады, өзінің біліктілігін арттыруды жоспарлайды, әдістер мен тәсілдерді айқындайды, оқу материалдарын сабақтың қойылған мақсаттарына және т.б. сәйкес әзірлейді; - <i>зерттеу</i> -білім алушылардың білім мазмұнын меңгеру деңгейін зерттейді, көпмәдениетті білім беру ортасын зерттейді, <u>білім алушылардың жеке ерекшеліктерін</u> диагностикалау нәтижелерін пайдаланады; - <i>әлеуметтік-коммуникативтік</i> -кәсіби қоғамдастықпен және білім берудің барлық мүдделі тараптарымен өзара іс-қимылды жүзеге асырады, білім берудің стейкхолдерлерін біріктіретін және т. б. инновациялық идеяларды бастамашылық етеді және енгізеді.

Құзыреттіліктер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау

Құзыреттілік түрлері	Оқу нәтижесінің коды	Оқу нәтижесі (Блум таксономиясы бойынша)
1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер: (Softskills)	ОН 1	Академиялық адалдық принциптерін, ғылыми зерттеулердің негіздерін, мәдениетін түсіну және сақтау үшін әлеуметтік-саяси модуль (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология), бойынша білімін көрсетеді.
	ОН 2	Жеке және кәсіби қарым-қатынас құралы ретінде шет тілін қолданады; ұжымда жұмыс істей алады, әлеуметтік, этникалық, конфессиялық және мәдени айырмашылықтарды толерантты қабылдай алады
	ОН 3	Өзін-өзі реттеуде оқыту әдістерін қолданады; педагогикалық ұжымды басқаруда іскерлік коммуникация әдістерін қолданады, инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім алуда қажеттіліктері бар студенттерге арналған жеке бағдарламаларды әзірлейді.
2. Сандық құзыреттер: (Digital skills)	ОН 2	Қазіргі заманғы АКТ-ларды кәсіптік қызметтің әртүрлі салаларында, ғылыми және практикалық жұмыста, өз бетінше білім алуда және басқа да мақсаттарда пайдаланады; ақпараттық технологияның негізгі мүмкіндіктерін анықтайды және интернеттің ақпараттық ресурстарын пайдаланады.
3. Кәсіби құзыреттер: (Hardskills)	ОН 4	Есту, көру, сөйлеу мүшелерінің құрылысы мен қызметінің ерекшеліктерін анықтайды, балалық шақтағы сөйлеу бұзылыстарының алдын алу, күрделі нейропсихологиялық диагностика және түзету әдістерін қолданады.
	ОН 5	Ұсынылған психологиялық-педагогикалық сипаттамалар негізінде типтік емес даму категориясын ескере отырып, пайымдауларды қалыптастыру үшін ақпаратты жинауды және түсіндіруді жүзеге асырады және ЕБҚБ адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін атаулы көмек көрсету стратегияларын құрады.
	ОН 6	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың сөйлеу бұзылыстарын түзету бойынша теориялық білім мен практикалық дағдыларды көрсетеді
	ОН 7	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға білім беруді жоспарлау, дамыту және ұйымдастыруда оқу, практикалық және кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық білім мен практикалық дағдыларды қолданады.
	ОН 8	Дамуында ақаулары бар және ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін арнайы және инклюзивті білім берудің негізгі мәселелерін талдайды; сәйкес түзету-педагогикалық шешімдер мен технологияларды ұсынады.

Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау

Оқыту нәтижесінің коды	Модуль атауы	Пәндер атауы	Көлемі (ECTS)
ОН 1	Қоғамдық сананы жаңғыртудың дүниетанымдық негіздері	Қазақстан тарихы (МЕ)	5
ОН 1		Философия	5
ОН 1		Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері Қолданбалы бизнес Экология және тіршілік қауіпсіздік негіздері Ғылыми зерттеулердің негіздері	5
ОН 1		Мәдениеттану Психология	4
ОН 1	Әлеуметтік-саясаттану білім модулі	Саясаттану Әлеуметтану	4
ОН 2	Ақпараттық-коммуникативтік	Ақпараттық- коммуникациялық технологиялар	5
ОН 2		Шет тілі	10
ОН 2		Орыс тілі	10
ОН 2		Дене шынықтыру	8
ОН 3	Педагогикалық дайындық негіздері	Оқушылардың анатомиясы, физиологиясы және гигиенасы	5
ОН 3		Педагогика	5
ОН 3		Білім берудегі менеджмент	5
ОН 3		Инклюзивті білім беру	5
ОН 4	Медициналық-биологиялық	Дефектологиядағы генетика негіздері Хромосомалық аберрациялар	5
ОН 4		Есту, көру, сөйлеу мүшелерінің патологиясы Психофизикалық дамуында ерекше қажеттіліктері бар балалардағы сенсорлық және сөйлеу бұзылыстары	5
ОН 4		Невропатология негіздері	5
ОН 4		Нейропсихология және нейробиодиагностика негіздері Психофизикалық бұзылыстардың нозологиялық нұсқасы	4
ОН 4		Білім алуда ерекше қажеттіліктері (БАЕҚ) бар ерте жастағы балаларды дамыту Білім алуда ерекше қажеттіліктері (БАЕҚ) бар ерте жастағы балалардың дамуын абилитациялау және түзету	7
ОН 4		Оқу	4
ОН 4		Арнайы психология Арнайы білім берудегі психотерапиялық әдістердің теориясы мен тәжірибесі	5
ОН 5	Кәсіби	Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалардың психологиялық-педагогикалық диагностикасы Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған психологиялық қызметті ұйымдастыру	6
ОН 5			

ОН 5		Қашықтықтан оқыту жағдайында ПМПК қызметін ұйымдастыру Психофизикалық даму ерекшеліктері бар балалардың психологиялық- медициналық-педагогикалық зерттеу негіздері	5
ОН 5		Үйден оқыту жағдайындағы білім беру үдерісіне қолдау көрсету технологиясы Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды үйден оқыту	5
ОН 5		Педагогикалық	4
ОН 6	Логопедті даярлау (Минор)	Логопедия негіздері	5
ОН 6		Логотехнология	5
ОН 6		Кохлеарлы имплантациядан кейінгі түзете-дамыта оқытудың технологиясы	5
ОН 6		Білім беру және денсаулық сақтау ұйымдарындағы логопедиялық жұмыс	5
ОН 7	Оқытудың арнайы әдістері	ТҚАЗ балаларға арналған оңалту технологиясы Күрделі кемістіктері бар балалардың психофизикалық даму технологиясы	6
ОН 7		«Айналадағы әлем» пәні бойынша БАЕҚ бар балаларды оқыту технологиясы Айналадағы дүние сабақтарындағы танымдық іс-әрекеттің әдістері	6
ОН 7	Оқытудың арнайы әдістері (жалғасы)	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға математиканы оқыту әдістемесі (ЕББК)	5
ОН 7		Арнайы педагогика	6
ОН 7		БАЕҚ бар балалардың "Сауат ашу", "Қазақ тілі", "Оқу және тіл дамыту" пәндік саласында білім беру технологиясы Сөйлеуді дамыту және ана тілін оқытудың мазмұны	5
ОН 7		БАЕҚ бар балалардың "Бейнелеу өнері" пәндік саласында оқыту технологиясы Балалардың көркем шығармашылығының әдістемесі	6
ОН 7		Кәсіби қазақ тілі Іскери құжат тілі	4
ОН 7		БАЕҚ бар балалардың "Қол еңбегі" пәндік саласында білім беру технологиясы Балалардың сындарлы шығармашылығын дамыту әдістемесі	5
ОН 7		Педагогикалық	4
ОН 8		Әлеуметтік инклюзия және білім алуды қажет ететін балалардың интеграциясы	АСБ бар балалармен жұмыс істеудегі стрессті басқару технологиясы
ОН 8	Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жүргізілетін түзету-дамыту жұмыстары		5
ОН 8	Әлеуметтік инклюзия Отбасылық және оған жақын ортаның әлеуметтік инклюзия технологиясы		5
ОН 8	Диплом алды		3
ОН 8	Педагогикалық		15
	Қорытынды аттестаттау	Қорытынды аттестаттау	8

Оқу нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы

NN п/п	Пәндер атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы (30-40 сөз)	Кредиттер саны	ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8
Жалпы білім беретін пәндер циклі Міндетті компонент											
D1	Қазақстан тарихы	Курс XX ғасырдың басынан қазіргі күнге дейінгі отандық тарихтың негізгі кезеңдерін зерттеуге; халықтың тарихи тұрғыдан жаңғыруын, еліміздің тарихи және мәдени мұрасын жаңғырту; ұлттық сана мен азаматтық қауымдастық байланысты қалыптастыру; жастарды отаншылдыққа, толеранттылыққа тәрбиелеуге бағытталған.	5	+	+						
D2	Философия	Курс философия пәнін, негізгі философиялық принциптерін, заңдарын, категорияларын, сонымен қатар олардың мазмұны мен өзара байланысын ашады; табиғаттың, қоғамның және ойлаудың қызмет етуінің негізгі заңдылықтарын түсіну; кәсіби ойлаудың идеялық-әдістемелік негіздері; кәсіби қызметтегі құндылық бағдарларды қалыптастырудағы философияның ролін ашуға бағытталған.	5	+	+						
D3	Мәдениеттану, Психология	Курс мәдениеттанудың негізгі ұғымдарын қамтиды; қоғамның мәдени қызметінің негізгі салалары; мәдени құндылықтар мен нормалар; мәдени танымның теориялық қолданбалы, құндылық аспектілері; қарым-қатынас психологиясының негізгі түсініктерін; қарым-қатынас психологиясы саласындағы ғылыми және қолданбалы идеялар; қарым-қатынастың әлеуметтік-психологиялық заңдылықтары туралы білім; іскерлік қарым-қатынас этикасы мен психологиясының принциптерін қамтиды.	4	+	+						
D4	Саясаттану, Әлеуметтану	Курста саясаттану саласындағы негізгі теориялық және әдіснамалық тәсілдер, саясаттанудағы қазіргі мектептер мен концепциялар, әлемдік саяси процестің негізгі заңдылықтары мен тенденциялары; әлеуметтік құрылымдар мен әлеуметтік стратификациялар, әлеуметтік нормалар мен әлеуметтік тәртіптің белгілері, әлеуметтік процестердегі тұлғаның ролін әлеуметтік бақылау механизмдерін зерттеуге бағытталған.	4	+	+						

D5	Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар	Курс компьютерлік бағдарламалық қамтамасыз етудің түрлерін, мультимедиялық, гипермәтіндік және интерактивті жұмыс режимінің ерекшеліктерін; әртүрлі ақпарат түрлерін кодтау тәсілдері; ақпараттың өлшем бірліктері; шешілетін кәсіби міндеттерді ескере отырып, бағдарламалық қамтамасыз етуді және оны пайдалану перспективаларын бағалауды үйретуді көздейді.	5	+	+								
D6	Шет тілі	Курста іскерлік/кәсіби коммуникация саласында ауызша және жазбаша коммуникацияны жүзеге асыруға бағытталған қажетті жалпы ғылыми терминология; мәдениетаралық ғылыми қарым-қатынас жағдайларындағы коммуникативті мінез-құлық ережелерін; коммуникацияның әртүрлі салаларында ғылыми ақпаратты ұсыну ережелерін зерттеуге бағытталған.	10	+	+								
D7	Қазақ тілі	Курс қазақ тілінің негізгі фонетикалық, лексикалық және грамматикалық құбылыстарын ашады; зерттеліп жатқан тіл елдерінің мәдениеті мен дәстүрін туған өлкенің мәдениеті мен дәстүрімен салыстыра отырып; күнделікті қарым-қатынас саласындағы сөйлеу этикетінің негізгі ережелерін; күнделікті, академиялық және кәсіби қарым-қатынас жағдайларында адекватты жауап беруге үйретеді.	10	+	+								
D8	Дене шынықтыру	Курс дене шынықтырудың элеуметтік-биологиялық негіздерін; тәрбие жұмысының және интеллектуалдық әрекеттің психофизиологиялық негіздерін; өз бетінше дене жаттығуларын орындау әдістерінің негіздері; студенттің салауатты өмір салтын ұстану негіздері; студенттердің кәсіби-қолданбалы дене дайындығын дамытуды зерттейді.	8		+	+							
Жалпы білім беретін пәндер циклі Таңдау бойынша компонент													
D9	Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері	Құқықтық тәрбие, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, құқықтық сананы арттыру туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Қазіргі заманғы құқықтың негізгі салалары, Қазақстан Республикасының заңнамасын түсіну, сыбайлас жемқорлық құбылыстарын сыни талдау және осы құбылысқа қатысты өзінің азаматтық ұстанымын қалыптастыру сұрақтары қарастырылады.		+		+							

	Қолданбалы бизнес	Идеяларды генерациялаудан, құнды ұсыныстарды құрастырудан, нарықты зерттеуден, тұтынушыны, ресурстарды анықтаудан бастап, дайын стартап жобаның тұсаукесеріне дейін жеке бизнесті құру мен жүргізудің экономикалық негіздері саласында білімді қалыптастыру, сондай-ақ бизнес теориясы мен практикасын зерделеу негізінде тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру мақсатында оқытылады.	5	+		+						
	Экология және тіршілік қауіпсіздігі негіздері	Қоғам мен табиғатты дамытудың негіздері туралы білім мен идеяларды қалыптастыру мақсатында зерттеледі. Табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланудың теориялық заңдары мен заманауи тәсілдері қарастырылады. Курс төтенше жағдайлардағы мінез-құлық ережелерін зерттеуге, антропогендік әрекеттің жағымсыз әсерлерінің дамуын болжауға арналған.		+					+			
	Ғылыми зерттеу негіздері	Студенттердің ғылыми-зерттеу қызметі дағдыларын және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге дайындығын дамыту мақсатында оқытылады. Курс шеңберінде қоғамдық қатынастар жүйесіндегі ғылымның орны, ғылыми танымның әдістері мен деңгейлері, ғылыми зерттеуді іске асырудың негізгі кезеңдері қарастырылады.				+	+	+				
Негізгі пәндер циклі ЖОО компоненті												
D10	Оқушылардың анатомиясы, физиологиясы және гигиенасы	Курста мектеп оқушыларының физиологиялық дамуының жалпы заңдылықтары; анатомия, жүйке жүйесінің физиологиясы, сенсорлық жүйелер, ішкі секреция бездері, асқорыту, тыныс алу, жүрек-қантамырлар жүйесі және т.б.; күнделікті режимді гигиеналық бағалау әдістері және оқу-тұрмыстық үй-жайлардың гигиеналық нормасы туралы оқытады.	5			+	+					
D11	Педагогика	Тұтас педагогикалық процестің мәні, оның мазмұны, ұйымдастыру принциптері, нысандары, әдістері, білім алушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамытудағы субъектілік өзара әрекеттесу құралдары туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Курс педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыруда студенттердің педагогикалық құзыреттілігін қалыптастыруға және кәсіби бағдарын дамытуға арналған.	5			+		+				

D12	Білім берудегі менеджмент	"Білім берудегі Менеджмент" курсы білім беруді басқарудың теориялық және әдіснамалық негіздерін зерттеуге арналған. Курс Қазақстан Республикасында және шетелде қазіргі кезеңде білім беру жүйесін дамыту үрдістері мен стратегиялары туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Осы курс шеңберінде білім беру ұйымын басқару әдістері мен нысандарына, білім беру ұйымындағы басқарудың жалпы қағидаттарына, тұтас педагогикалық процесті жоспарлау мен мониторингті ұйымдастыруға, педагогикалық ұжымды басқару проблемаларына байланысты мәселелер қарастырылады.	5			+		+			
D13	Инклюзивті білім беру	Курс инклюзивті білім беруді жүзеге асырудың ұйымдастырушылық шарттарын, әлемдік және отандық тәжірибені талдау, оқуға қабылдау және оқуды аяқтау ережелері, бағдарламалық материалды бейімдеу; жеке білім беру маршруттын әзірлеу және енгізу; инклюзивті тәжірибе субъектілерін психологиялық-педагогикалық қамтамасыз ету бойынша жұмыстың мазмұнын зерттеуге арналған.	5			+		+			+
D14	Невропатология негіздері	Курс жүйке жүйесінің құрылысы мен қызметінің ерекшеліктері мен заңдылықтарын, оның әртүрлі бөлімшелерінің зақымдануының негізгі белгілері, синдромдары, жүйке ауруларының даму себептері мен механизмдерін, диагностика және алдын алу әдістерін зерттеуге бағытталған; орталық жүйке жүйесінің патологиясы кезіндегі ақаулардың құрылымдары қарастырылады.	5					+		+	+
D15	Логопедия негіздері	Курс нормадағы сөйлеу дамуының онтогенезін, сөйлеудің анатомиялық-физиологиялық механизмдері, сөйлеу тілінің дамуындағы есту мен көрудің рөлі, сөйлеу тілінің бұзылыстарын талдау принциптері, сөйлеу тілінің бұзылуының себептері мен жіктелуі, ана тілінің фонемаларының жүйесі мен әртүрлі сөйлеу бұзылыстарын зерттеуге арналған.	5						+	+	+
D16	Логотехнология	Курс логопедиялық технологиялардың теориялық негіздерін, сөйлеу онтогенезін, ауызша сөйлеудің темпо-ритмикалық ұйымдастырылуын түзету жұмысының технологиясын, сөйлеу тілін қалыптастыру мен түзету технологиясын, сөйлеудің интонациялық жағын дамыту технологиясын, сөйлеуді түзетуге арналған компьютерлік технологияларды зерттеуге бағытталған.	5						+	+	+
D17	Кохлеарлы имплантациядан кейінгі түзете-дамыта оқытудың технологиясы	Курс есту қабілеті бұзылған балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерімен таныстыру, кохлеарлық имплантациядан кейін балаларды түзете-дамыта оқыту технологиясын жүргізу бойынша білім мен кәсіби құзыреттілік жүйесін қалыптастыру: есту арқылы қабылдауын дамыту,	5						+	+	+

		балалардың вербалды қарым-қатынасы, сенсорлық-перцептивті сферасы, коммуникативті дағдылары мен қабілеттері мақсатында оқытылады.										
D18	Білім беру және денсаулық сақтау ұйымдарындағы логопедиялық жұмыс	Курс білім беру және денсаулық сақтау жүйесіндегі логопедиялық жұмыстың ерекшеліктерін зерттеуге арналған. Логопаттардың жас ерекшеліктеріне сәйкес, ұйымдардың әртүрлі құрылымдық жағдайларында топтарды жинақтау, логопедиялық сабақтардың жиілігі мен ұзақтығы, құжаттамасын жүргізу мен әдістемесі мәселелері қарастырылады.	5							+	+	+
Базалық пәндер циклі Таңдау бойынша компонент												
D19	Дефектологиядағы генетика негіздері	Курс тұқым қуалаушылықтың цитологиялық және молекулалық негіздерін, психикалық, сенсорлық, сөйлеу бұзылыстарының пайда болуындағы генетикалық факторлардың рөлін, белгілердің тұқым қуалаушының негізгі заңдылықтары мен тұқым қуалаушылық принциптерін, тұқым қуалаушылықтың хромосомалық механизмдері және гендік аурулар, оларды диагностикалау, емдеу және алдын алуды зерттеуге бағытталған.	5			+	+	+				
	Хромосомдық аберрациялар	Курста хромосомалық аберрациялардың этиологиясы, патогенезі, диагностикасы және емі, тұрақты және тұрақсыз хромосомалық аберрациялармен, хромосомалық ауытқулары бар балалардың физикалық және психикалық дамуының ерекшеліктерімен, олардың портреттік сипаттамаларының түрлері, осы патологиясы бар балалардың туу жиілігі туралы статистикалық мәліметтер қамтылған.				+	+	+				
D20	Есту, көру, сөйлеу мүшелерінің патологиясы	Курста есту, көру, сөйлеу мүшелерінің анатомиясы, физиологиясы, патологиясы, есту, көру анализаторларын, сөйлеу аппаратын зерттеудің негізгі әдістері, рецепторлардың түрлері, анализаторларда ақпаратты қабылдау, өңдеу, талдау принциптері, есту, көру, сөйлеу мүшелерінің қызметі бұзылған кездегі алдын алудың негізгі шараларын қарастырған.	5			+	+	+				
	Психофизикалық дамуында ерекше қажеттіліктері бар балалардағы сенсорлық және сөйлеу бұзылыстары	Курста психофизикалық даму ерекшеліктері бар балалардың есту, статокинетикалық, көру, иіс сезу анализаторлары мен сөйлеу аппараты бұзылыстарының этиологиясы, патогенезі, анатомиялық, физиологиялық және клиникалық ерекшеліктері, сенсорлық жүйелердің орналасуы мен жұмыс істеуінің жалпы принциптері, сенсорлық жолдарды ұйымдастыру принциптері, сенсорлық жүйелердің ерекшелігі қарастырылған.				+	+	+				
D21	Нейропсихология және нейродиагностика	Курста жүйке жүйесінің құрылымдық және функционалдық сипаттамалары, есту, көру, тактильді анализаторлардың сенсорлық және гностикалық қызметтері, психикалық және				+	+	+				

	негіздері	сөйлеу процестерінің даму ерекшеліктері мен бұзылыстары, онтогенездің әртүрлі кезеңдерінде бала ағзасындағы жоғары психикалық функциялардың дамуы және даму барысындағы нейродиагностиканың элементтері мен әдістері қамтылған.	4									
	Психофизикалық бұзылыстардың нозологиялық нұсқасы	Курста балалардың психофизикалық дамуының негіздері, психофизикалық бұзылыстардың нозологиялық формалары, жергілікті мидың зақымдануындағы танымдық бұзылыстардың психофизиологиясы, олардың психикалық процестердің дамуына, зейін, сөйлеу, есте сақтау, ойлау және зерттеушілік іс-әрекеттері қарастырылған.				+	+	+				
D22	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар ерте жастағы балаларды дамыту	Курс ауытқыған даму қаупінің әртүрлі нұсқалары бар қауіп тобындағы балаларды ерте психологиялық-педагогикалық анықтауды мақсатты ұйымдастыруды және ерте көмек көрсетуді дереу ұйымдастыруды, атап айтқанда: қалыпты жастағы даму тенденцияларын қолдайтын және сонымен бірге дамуындағы ауытқудың алдын алуды қамтамасыз етуді зерттеуге арналған.	7			+	+	+				
	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар ерте жастағы балалардың дамуын абилитациялау және түзету	Курс даму процестерін психологиялық-педагогикалық қамтамасыз етудің іргелі заңдылықтары мен ерекшеліктері туралы білімді қалыптастыру, түзету, абилитация және алдын алудың негізгі технологиясы ретінде ауыстыру онтогенезінің әдісі; балаларды қолдаудың негізін құрайтын нақты психотехника; осы әдіс негізінде жасалған психологиялық-педагогикалық оқыту бағдарламалары мақсатында оқытылады.				+	+	+				
D23	Оқу	Оқу тәжірибесі бастапқы кәсіптік құзіреттілікке, оның ішінде оқу процесінде алған теориялық білімдерін бекітуге және тереңдетуге, алғашқы зерттеу дағдыларын, іскерлік хат алмасу дағдыларын қалыптастыруға, мамандығына сәйкес практикалық дағдылар мен жұмыс дағдыларын меңгеруге бағытталған.	4			+	+	+				
D24	Арнайы психология	Курс типтік дамудың жалпы және спецификалық заңдылықтарын, индивидуалды типтік даму ерекшеліктерін, девиантты дамудың себептері, механизмдері мен құрылымын, ЕББҚ бар баланың өмір сүру сапасын жақсарту үшін мақсатты көмек стратегияларын негіздеу және әзірлеу мақсатында оқытылады.	5			+	+	+				
	Арнайы білім берудегі психотерапиялық әдістердің теориясы мен тәжірибесі	Курс психотерапия бағыттарының негізгі ұғымдарын, негіздері мен әдіснамалық принциптерін, даму кемістігі бар балалармен жұмыс тәжірибесінде психотерапиялық әсер ету механизмдері мен формалары туралы түсініктерді, ЕББҚ бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың негізгі бағыттарын зерттеуге бағытталған.				+	+	+				

D25	Білім алуға ерекше қажеттіліктері бар балалардың психологиялық-педагогикалық диагностикасы	Курс ЕББҚ балалардың психологиялық-педагогикалық диагностикасын ұйымдастыру, диагностикалық әдістерді практикада қолдану, зерттеу нәтижелерін талдау және ЕББҚ баланың психологиялық-педагогикалық мінездемесін құрастыру үшін тиісті әдістерді таңдау бойынша білім мен дағдыларды қалыптастыру мақсатында оқытылады.	5			+	+	+			
	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға психологиялық қызметті ұйымдастыру	Курс балалардың психикалық дамуының заңдылықтары мен ерекшеліктері туралы білімді қалыптастыру, ЕББҚ бар балалардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін мақсатты көмек стратегиясын құру технологиясы, арнайы және инклюзивті білім беру мекемелерінде психологиялық қызметтің құрылымына, мазмұнына және ұйымдастырылуына қойылатын талаптар мақсатында оқытылады.				+	+	+			
D26	Қашықтықтан оқыту жағдайында ПМПК қызметін ұйымдастыру	Курс ЕББҚ бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу моделін іске асыру жағдайында ПМПК қызметінің нормативтік-құқықтық, теориялық-әдіснамалық негіздерін; ПМПК қызметінің мақсаты, міндеттері, бағыттары, мазмұны; ЕББҚ бар балаларды психологиялық-педагогикалық тексеруді жүргізу және қашықтықтан оқыту жағдайында тексеру нәтижелерін талдау технологияларын игеру мақсатында оқытылады.	5			+	+	+			
	Психофизикалық дамуы ерекше қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-медициналық-педагогикалық зерттеу негіздері	Курс ЕББҚ бар балаларды психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеруді ұйымдастырумен қатар, құрылымы және әдіснамалық негізде байланысты ұғымдарды; психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеруді жүргізу процесі және тексеру нәтижелерін талдау; әртүрлі жас кезеңдеріндегі балаларды зерттеудің мазмұндық аспектілерін зерделеуге бағытталған.				+	+	+			
D27	Үйден оқыту жағдайындағы білім беру үдерісіне қолдау көрсету технологиясы	Курс үйде оқытудың ерекшелігі мен қашықтықтан оқыту технологиясын, қашықтықтан білім берудің проблемаларын, перспективаларын, орындылығы мен шектеулерін, үйде оқыту жағдайында ЕББҚ бар балалардың білім беру процесін ұйымдастыру және сүйемелдеу, әлеуметтену және бейімделу үшін қолайлы орта құру мәселелерін зерттеуге арналған.	5			+	+	+			
	Білім алуға ерекше қажеттіліктері бар балаларды үйден оқыту	Курс ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың білім берудегі және психофизикалық ерекшеліктерін, түзету-білім беру жұмысын жоспарлау технологиясы мен айрықшалықтарын, үйде оқыту жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қажетті түзету-дамыту жұмысын ұйымдастыру шарттарын зерттеуге арналған.				+	+	+			

D28	Педагогикалық	Педагогикалық практика студенттердің пәндерді оқуда алған теориялық білімдерін бекіту, оқу үдерісін психологиялық-педагогикалық қамтамасыз ету саласындағы өзекті кәсіби мәселелерді өз бетінше шешуге практикалық дағдылар мен дағдыларды меңгерту.	4			+	+	+			
D29	ТҚАЗ балаларға арналған оңалту технологиясы	Курс ТҚАЗ балалардың психофизикалық даму ерекшеліктері туралы білім жүйесін қалыптастыру, А.В.Семеновичтің онтогенезді алмастыру теориясымен танысу; ерекше білім алу қажеттіліктерін бағалау және ТҚАЗ балаларды физикалық, психологиялық, педагогикалық және әлеуметтік оңалту технологияларын қолдану бойынша кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру мақсатында оқытылады	6						+	+	+
	Күрделі кемістігі бар балалардың психофизикалық дамуының технологиясы	Курс күрделі бұзылыс құрылымының мәнімен танысу, бастапқы бұзылулардың әртүрлі үйлесімінде балалардың даму ерекшеліктерін қарастыру; ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау мәселелерінде білім мен кәсіби құзыреттілік жүйесін қалыптастыру, күрделі ақаулары бар балалардың дамуын кешенді сүйемелдеу технологияларын қолдану мақсатында оқытылады.							+	+	+
D30	«Айналадағы әлем» пәні бойынша БАЕҚ бар балаларды оқыту технологиясы	Курс пәндік даму ортасын құру технологиялары туралы түсініктерді қалыптастыру, мектеп жасына дейінгі балалар мен бастауыш сынып оқушыларын қоршаған әлеммен негізгі дидактикалық бірліктер деңгейінде таныстыру, соның ішінде экологиялық білім беру технологиялары, ЕББҚ бар балалармен жаратылыстану және әлеуметтік зерттеулер; жұмыстың типтік әдістері мен формалары туралы түсініктерді қалыптастыруды көздейді.	6						+	+	+
	Айналадағы дүние сабақтарындағы танымдық іс-әрекеттің әдістері	Курс мектеп жасына дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы білім алушылардың танымдық белсенділігі туралы білімді қалыптастыру мақсатында зерттеледі, ол айқын интегративті сипатқа ие, табиғаттану, қоғамтану, тарихи білімді тең дәрежеде біріктіреді және білім алушыларға жаратылыстану және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар материалын береді.							+	+	+
Профильді пәндер циклі ЖОО компоненті											
D31	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға математиканы оқыту әдістемесі (ЕББҚ)	Курс балаларға математиканы оқытуда қолданылатын арнайы тәсілдер мен ақпарат көздерін; білім алушылардың білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктерін; ЕББҚ бар балаларды Математикаға оқыту әдістемесінің жалпы мәселелерін (математика сабақтарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың топтық және ұжымдық жұмысын ұйымдастыру	5			+		+			

		әдістемесін) зерделеуге арналған.										
D32	Арнайы педагогика	Курс арнайы оқыту мен тәрбиелеудің практикасы мен теориясы, түзету жұмысының принциптері, мазмұны мен әдістері, ЕББҚ бар балаларға арнайы білім беру тарихының дамуы; Арнайы педагогика дидактикасының негіздері; арнайы білім берудің мазмұны мен ұйымдастырылуы; арнайы педагогиканы дамыту мәселелері бойынша білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады.	6			+		+				
D33	АСБ бар балалармен жұмыс істеудегі стрессті басқару технологиясы	Курс Г.Селье тұжырымдамасына негізделген стресстік жағдайды басқару бағдарламаларын зерттеуге арналған; АСБ бар балалармен жұмыс кезінде стресс факторлары мен күйзеліс эпизодтарын диагностикалау, талдау; АСБ бар балалармен жұмыс кезінде күйзелістен шығудың негізгі әдістері және стресстік жағдайды басқару оқытылады.	6					+	+	+	+	
D34	Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жүргізілетін түзету-дамыту жұмыстары	Курс ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға білім беру-түзету және педагогикалық қолдаудың негізгі принциптері мен әдістерін зерделеуге, көмек көрсету бойынша кешенді жұмысты ұйымдастыруға, білім беру процесінде ЕЕБҚ балаларды әлеуметтік бейімдеуге арналған.	5					+	+	+	+	
Профильді пәндер циклі Таңдау бойынша компонент												
D35	БАЕҚ бар балалардың "Сауат ашу", "Қазақ тілі", "Оқу және тіл дамыту" пәндік саласында білім беру технологиясы	Курс БАЕҚ бар балаларға ана тілін оқытудың мақсаттары, мазмұны, заңдылықтары, принциптері, әдістері, сонымен қатар технологияларды, сабақтарды, түзету білім беру жағдайында БАЕҚ бар кіші мектеп оқушыларының қазақ тілінің теориясы мен практикасын меңгеру процесінде кері байланыс формаларын және т.б. жобалаудың ғылыми негіздерін зерттеуге арналған.	5					+				+
	Сөйлеуді дамыту және ана тілін оқытудың мазмұны	Курс ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың сөйлеуін дамытудың лингвистикалық және психологиялық-педагогикалық негіздерімен таныстыру, сөйлеу тілін дамыту жұмыстарының бағыттары мен мазмұнын қарастыру; арнайы білім беру ұйымдары жағдайында ана тілін оқыту әдістемесін меңгеруде кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру мақсатында оқытылады.						+				+
D36	БАЕҚ бар балалардың "Бейнелеу өнері" пәндік саласында оқыту технологиясы	Курс бейнелеу саласындағы заманауи тәсілдерді зерттеуге арналған, БАЕҚ бар балаларды оқытудың мақсаттарын, мазмұнын, заңдылықтарын, принциптерін, әдістері мен тәсілдерін ашады; ерекше білім беру қажеттіліктері бар мектеп жасына дейінгі және бастауыш мектеп оқушыларына бейнелеу өнерін оқытуды ұйымдастырудың әртүрлі тәсілдерді зерттеуге						+				+

		арналған.	6									
	Балалардың көркем шығармашылығының әдістемесі	Курс балалардың көркемдік шығармашылығының ерекшеліктерімен таныстыру мақсатында оқытылады; балалар іс-әрекетінің осы түрін дамыту бойынша жұмыстың түзету-дамыту потенциалы, кезеңдері, мазмұны мәселелерін көрсету; ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың көркем шығармашылығын дамыту әдістерін меңгеруде кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастырады.						+				+
D37	Кәсіби қазақ тілі	Пән білім алушының кәсіби коммуникация мәдениетін қалыптастыру, салалық терминдерді бірізді қолдану, кәсіби салаға қатысты құжаттарды стандарттар мен нормаларға сәйкес жазу дағдыларын машықтандыру, кәсіби қазақ тілінде сөйлеу, жазу, қатысты жетілдіріп, лексикасын байыту, мемлекеттік тілдің әлеуметтік-қатысымдық қызметін кеңейту және дамыту мақсатында оқытылады.	4					+				+
	Искери құжат тілі	Курс қызметтік іс-қағаздар саласына, құжаттардың негізгі функциялары мен қасиеттеріне, олардың реттелуі мен орындалуына, іс жүргізу түрлеріне, қызметтік құжаттарға, басқарушылық, ұйымдастырушылық қызметке байланысты іс жүргізуге қатысты теориялық және практикалық білімдерді қалыптастыру мақсатында оқытылады.						+				+
D38	БАЕҚ бар балалардың "Қолөнер" пәндік саласында білім беру технологиясы	Курс ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қол еңбегін оқытудың мақсатын, мазмұнын, заңдылықтарын, принциптерін, әдістері мен тәсілдерін; БАЕҚ бар балалардың еңбек әрекетін дамыту саласында кәсіби білім-білік дағдыларды қалыптастырып, зерттеуге бағытталған.	5					+				+
	Балалардың сындарлы шығармашылығын дамыту әдістемесі	Курс балалардың конструктивті шығармашылығының заманауи тәсілдерін және оның бала дамуындағы интеллектуалдық және шығармашылық рөлі, балалардың конструктивті шығармашылығын ұйымдастырудың жалпы әдістемелік негіздерін, өнімді іс-әрекет ерекшеліктерін, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларда сындарлы шығармашылықты дамытудағы жас және жеке генезисін зерттеуге арналған.						+				+
D39	Педагогикалық	Педагогикалық практика бакалавриат студенттерінің кәсіби құзыреттіліктерін бекітуге бағытталған; студенттермен оқу іс-әрекетін және оқу сабақтарын өткізу процесінде студенттердің ұйымдастырушылық қабілетін дамыту туралы; қарым-қатынас дағдыларын дамыту	4					+			+	+

D40	Әлеуметтік инклюзия	Курс әртүрлі әдіснамалық тәсілдерге сәйкес шетелдік және отандық ғылыми зерттеулердегі әлеуметтік инклюзия проблемасын теориялық және әдістемелік негіздеуді қамтиды; қиын өмірлік жағдайдағы балалар мен жасөспірімдерді, психикалық ауытқулары бар жастарды, сондай-ақ егде жастағы адамдарды әлеуметтік-мәдени қамту тәжірибесін қарастырады.	5					+			+
	Отбасылық және оған жақын ортаның әлеуметтік инклюзия технологиясы	Курс инклюзивті білім беру процесінде отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуін жүзеге асыру мәселелерін қарастырады; мектептің ата-аналармен жұмысының әртүрлі формалары мен әдістерінің нұсқалары; отбасының тәрбиелік мүмкіндіктерін дамыту, ата-аналардың педагогикалық білімін жүзеге асыру, білім беру ұйымы мамандарының ата-аналарға атаулы көмек көрсету мәселелерін анықтайды.						+			+
D41	Дипломалды	Диплом алдындағы тәжірибе өзінің білімі мен дағдыларын барынша толық ашуға бағытталған іс-әрекеттерді жүзеге асыруға бағытталған; ұйым жұмысын зерделеу, дипломдық жұмыста қарастырылған тақырып бойынша оның қызметіндегі проблемаларды анықтау, оларды шешу жолдарын ұсыну; кәсіби іс-әрекетте қажетті тұлғалық қасиеттерді дамыту	3				+	+	+	+	+
D42	Педагогикалық	Педагогикалық тәжірибе негізгі кәсіби құзыреттіліктерді бекітуге, практикалық дағдылар мен кәсіби тәжірибені алуға бағытталған. әзірленген педагогикалық әдістер мен әдістерді пайдалана отырып, әртүрлі сабақтар түрлерін өткізу; мектеп жағдайындағы педагогикалық мәселелерді оқушының шешуі	15				+	++		+	+

Сертификаттау бағдарламасы (minor) «Логопед мұғалім даярлау» - 20 кредит

Сертификаттау бағдарламасы	Семестр, пәндер						
	1	2	3	4	5	6	7
Логопедті даярлау			Логопедия негіздері			<p>Кохлеарлы имплантациядан кейінгі түзете-дамыта оқытудың технологиясы</p> <p>Білім беру және денсаулық сақтау ұйымдарындағы логопедиялық жұмыс</p>	Логотехнология

Оқыту және бағалау әдістерімен жоспарланған оқыту нәтижелерін келістіру

ЖОН	Модуль бойынша жоспарланған оқыту нәтижелері (ЖОН)	Оқыту әдістері	Бағалау әдістері
ЖОН 1	Академиялық адалдық принциптерін, ғылыми зерттеулердің негіздерін, мәдениетін түсіну және сақтау үшін әлеуметтік-саяси модуль (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология), бойынша білімін көрсетеді.	интерактивті дәрістер	тест
ЖОН 2	Жеке және кәсіби қарым-қатынас құралы ретінде шет тілін қолданады; ұжымда жұмыс істей алады, әлеуметтік, этникалық, конфессиялық және мәдени айырмашылықтарды толерантты қабылдай алады	кейс-әдістер	коллоквиум
ЖОН 3	Өзін-өзі реттеуде оқыту әдістерін қолданады; педагогикалық ұжымды басқаруда іскерлік коммуникация әдістерін қолданады, инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім алуда қажеттіліктері бар студенттерге арналған жеке бағдарламаларды әзірлейді.	жобалық оқыту	презентациялар
ЖОН 2	Қазіргі заманғы АКТ-ларды кәсіптік қызметтің әртүрлі салаларында, ғылыми және практикалық жұмыста, өз бетінше білім алуда және басқа да мақсаттарда пайдаланады; ақпараттық технологияның негізгі мүмкіндіктерін анықтайды және интернеттің ақпараттық ресурстарын пайдаланады.	инверттелген класс (Flipped Class)	эссе жазу
ЖОН 4	Есту, көру, сөйлеу мүшелерінің құрылысы мен қызметінің ерекшеліктерін анықтайды, балалық шақтағы сөйлеу бұзылыстарының алдын алу, күрделі нейropsихологиялық диагностика және түзету әдістерін қолданады.	түсіндіру	аңдатпа жазу
ЖОН 5	Ұсынылған психологиялық-педагогикалық сипаттамалар негізінде типтік емес даму категориясын ескере отырып, пайымдауларды қалыптастыру үшін ақпаратты жинауды және түсіндіруді жүзеге асырады және ЕБҚБ адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін атаулы көмек көрсету стратегияларын құрады.	викторина	глоссарий
ЖОН 6	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың сөйлеу бұзылыстарын түзету бойынша теориялық білім мен практикалық дағдыларды көрсетеді	экскурсия	баяндама
ЖОН 7	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға білім беруді жоспарлау, дамыту және ұйымдастыруда оқу, практикалық және кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық білім мен практикалық дағдыларды қолданады.	дөңгелек үстел	портфолио
ЖОН 8	Дамуында ақаулары бар және ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін арнайы және инклюзивті білім берудің негізгі мәселелерін талдайды; сәйкес түзету-педагогикалық шешімдер мен технологияларды ұсынады.	конференциялар	блок-схеманы жасау

Оқу нәтижелерінің қол жетімділігін бағалау критерийлері

Оқыту нәтижесінің коды	Критерийлері
ОН1	Қоғамдық сананы жаңғыртудың дүниетанымдық негіздерін біледі
ОН2	Шешілетін кәсіби міндеттерді ескере отырып, бағдарламалық қамтамасыз етуді және оны пайдалану перспективаларын бағалай алады
	Шет тілін жеке және кәсіби қарым-қатынас құралы ретінде меңгереді
ОН3	Педагогиканың теориялық-әдіснамалық негіздерін, білім берудегі менеджментті және оқушылар организмінің даму тұжырымдамасын біледі
	Инклюзивті білім беру жағдайында білім алуда ерекше қажеттіліктері (ЕБАҚ) бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің жеке бағдарламасын жасай алады
	Оқушылардың анатомиялық-физиологиялық дамуы мен физикалық жасын бағалау әдісін біледі
ОН4	Есту, көру, сөйлеу және орталық жүйке жүйесінің құрылысы мен қызметін біледі:
	ЕББҚ бар балалардың сөйлеу тілінің бұзылуы бойынша алдын алу іс-шараларын әзірлей алады:
	Балалық шақтағы сөйлеу бұзылыстарын кешенді нейропсихологиялық диагностикалау және түзету әдістерін меңгереді
ОН5	Психологиялық-педагогикалық диагностика мен психотерапияның негізгі ұғымдарын біледі
	ЕББҚ бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту бойынша мақсатты көмек стратегиясын жасай алады
ОН6	Логопедияның негіздерін, ерекше білім беруді қажет ететін балалардың сөйлеу тілінің бұзылуының түрлерін біледі
	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың сөйлеу бұзылыстарын түзету технологияларын меңгереді
ОН7	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытудың құрылымы мен ұйымдастырылуын біледі
	Пәндік бағыттар бойынша ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту технологияларын меңгереді
ОН8	Әлеуметтік инклюзияның әдіснамалық негіздерін біледі
	Дамуында кемістігі бар және ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін арнайы және инклюзивті білім берудің негізгі мәселелерін талдай алады
	Әлеуметтік инклюзия технологияларын меңгереді

Білім беру бағдарламасы түлегінің моделі

Түлектердің атрибуттары оқыту нәтижелері мен құзыреттіліктері негізінде құрастырылады

Атрибуттары:

Арнайы педагогика саласындағы жоғары кәсібилік

Белсенді дүниетанымы мен өмірлік ұстанымы

Мәдени дамудың жоғары деңгейі

Психологиялық (моральдық) тұрақтылық және шығармашылық (шығармашылық)

Ұйымдастырушылық және коммуникативті дағдылар

Көмек көрсетуге қызығушылық

Толеранттылық, жанашырлық (эмпатия)

Кәсіби адалдық және ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды құрметтеу

Құзыреттілік түрлері	Құзыреттіліктер сипаттамасы
1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер (Softskills)	- өзінің жалпы мәдени және интеллектуалдық деңгейін көтеру және дамыту, жеке тұлғаның адамгершілік кемелдігіне жету қабілеті; - іскерлік қарым-қатынас құралы ретінде ана және шет тілдерін еркін пайдалана білу; - салауатты өмір салты нормалары мен ұсыныстарын сақтау тұрғысынан жеке үлгі арқылы басқаларға жағымды әсер ету қабілеті;
2. Сандық құзыреттер: (Digital skills)	- сәйкес цифрлық технологиялар арқылы деректерді, ақпаратты және цифрлық мазмұнды басқалармен бөлісу; - жеке деректердің анонимділігіне және цифрлық ортада құпиялыққа кепілдік беру; цифрлық ортадағы қауіптер мен қауіптерді түсіну; - сандық ортадағы нақты кәсіби салалардағы мамандандырылған деректерді, ақпаратты және цифрлық мазмұнды анықтау, қарау және бағалау
3. Кәсіби құзыреттер: (Hardskills)	- оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауын арттыру үшін консультациялар, кәсіби сұхбаттар, тренингтер жүргізе алады; - БАЕҚ бар адамдарға тұлғалық-бағдарлы және жеке сараланған көзқарасқа негізделген түзету-білім беру бағдарламаларын ұтымды таңдау және жүзеге асыру мүмкіндігі; - арнайы (түзету) және жалпы білім беретін оқу орындары жағдайында түзеу-педагогикалық қызметті жүзеге асыру мүмкіндігі

Құрастырғандар:

Жұмыс тобының мүшелері:

Арнайы және инклюзивті білім беру кафедрасының меңгерушісі

Арнайы және инклюзивті білім беру кафедрасының профессоры

Арнайы және инклюзивті білім беру кафедрасының қауымдастырылған профессоры

Арнайы және инклюзивті білім беру кафедрасы профессордың ассистенті

«6В01901-Дефектология» ББ 4 курс студенті

КММ «№2 Арнайы мектеп-интернатының» тәрбие ісі бойынша директордың орынбасары

А.Р. Рымханова

А.М. Рахметова

Г.К. Алшынбекова

В.В. Боброва

И.Т. Бекмухамбетова

А.К. Абдрахманова

Білім беру бағдарламасы факультет Кеңесі отырысында қарастырылды «24» 04 2023 ж. Хаттама №10


Білім беру бағдарламасы университеттің Академиялық Кеңесі отырысында қарастырылды «28» 04 2023 ж. Хаттама №5

Білім беру бағдарламасы университеттің Басқарма отырысында қарастырылды және бекітілді «30» 05 2023 ж. Хаттама №12

Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер бойынша проректор

Академиялық жұмыс департаментінің директорының м.а.

Педагогикалық факультет деканы



Т.З. Жүсіпбек

С.А. Смаилова

С.А. Муликова

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАМУ ЖОСПАРЫ

6B01901-ДЕФЕКТОЛОГИЯ

Жоспардың мақсаты – еңбек нарығының өзекті талаптары мен қазіргі заманғы ғылымның жетістіктерін ескере отырып, білім беру бағдарламасын іске асыру жағдайларының сапасын арттыруға жәрдемдесу.

Мақсатты индикаторлар

№	Индикаторлар	Өлшем бірл.	2023-2024 (факті бойынша)	2024-2025 (жоспар)	2025-2026 (жоспар)	2026-2027 (жоспар)
1	Кадрлық потенциалды дамыту					
1.1	Ғылыми дәрежесі бар оқытушылар санының өсуі	Адам саны	2	2	1	1
1.2	Оқыту бейіні бойынша біліктілікті арттыру	Адам саны	21	20	20	20
1.3	Оқытуға практик-мамандарды тарту	Адам саны	10	5	5	5
2	Рейтингтердегі БББ жылжыту					
2.1	НАОКО	Позициясы	2	2	1	1
2.2	НААР	Позициясы	-	-	1	1
2.3	Атамекен	Позициясы	11	5	4	3
3.	Оқу және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, электрондық ресурстарды әзірлеу					
3.1	Оқулықтар	Саны	-	-	1	1
3.2	Оқу құралдары	Саны	2	2	1	1
3.3	Әдістемелік ұсынымдар / нұсқау	Саны	-	1	2	2
3.4	Электронды оқулық	Саны	1	2	2	2
3.5	Видео/аудиодәріс	Саны	5	2	2	2
4.	Оқу және зертханалық базаны дамыту	Саны				
4.1	Бағдарламалық өнімдерді сатып алу	Саны	-	1	1	1
4.2	Жабдықтарды сатып алу	Саны	2	2	3	3
4.3	Басқа	Саны				
5.	БББ мазмұнын өзектендіру					

	жетістіктерін, кәсіптік стандарттарды ескере отырып, оқыту нәтижелерін және пәндер тізбесін жаңарту					
5.2	БББ-на шет тілдеріндегі оқу пәндерін енгізу	ЖЫЛ	-	-	-	-
5.3	Оқытудың жаңа әдістерін енгізу	ЖЫЛ	-	+	-	+
5.4	ББ базасында бірлескен / екі дипломды бағдарламаны ашу	ЖЫЛ	-	-	-	-

Арнайы және инклюзивті білім беру кафедрасының меңгерушісі



А.Р. Рымханова